

1-тапсырма. Жоба тақырыптарының бірін талдап, үлгіде көрсетілгендей орында.

Жобаның тақырыптары

- Туған өлкенің табиғаты
- Қоршаған ортадағы дыбыстар
- Жаңбыр неге жауады?
- Жазғы демалыста қайда саяхат жасау керек?

Жобаны жоспарлаудың негізгі қадамдары	
Білгім келеді ...	Жобаның негізгі кезеңдері
Жазда саяхаттауға ең жақсы орындар қайда? Табиғатқа шыққан дұрыс па?	Тақырыпты таңдау; мақсат қою; не білетінімді жазу; зерттеу; ұсыныс айту; рәсімдеу.
Менің жобам	Менің болжамым мен ұсынысым
Жазғы демалыста қайда саяхат жасау керек?	Егер адам жазда табиғатқа саяхат жасаса, денсаулығы жақсарады. Демалысқа шыққанда қауіпсіздік ережесін сақтау керек.
Менің мақсатым	Тағы нені білгім келеді?
Жазғы демалысты қызықты әрі пайдалы өткізу жолдарын білу.	Шетелге саяхаттау үшін не қажет? Балаларға арналған ең қызықты маршрут қандай?

Жобаның тақырыбы:

Жобаны орындау барысындағы бөлімдерді көрсет.

Ақпарат көздерін көрсетіп, оны жаз

Оқулықтар, кітаптар

Интернет, компьютер

Тәжірибелерге шолу

Мамандардың пікірі

Ноутбук лупа коммуникация кітап

Жоба нәтижелеріне таңдау жаса.

Көрме

Жобалардың жинақ кітапшасы

Электрондық көрме

Модельдер

